



**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі басқармасының 2004 жылғы 27 ақпандағы N 24 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 14 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2807. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 63 қаулысымен (Осы қаулы қабылданған күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

-----Қаулыдан үзінді-----

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлімшелерінің жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасын қабылдауын, есепке алуын, сақтауын, сатуын, айырбастауын, есептеуін және одан әрі пайдалануын реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы*  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

*1 . . . . .*  
**2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі**

*3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2807 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 27 ақпандағы N 24 қаулысының күші жойылды деп танылсын.*

*4 . . . . .*  
*5 . . . . .*  
*6 . . . . .*

**Ұ л т т ы қ                      Б а н к**

**Төрағасы**

*Д ұ р ы с :*  
*ҚР ҰБ Б а с қ а р м а с ы н ы ң ж ә н е*

*Директорлар кеңесінің хатшысы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлімшелерінің жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасын қабылдауын, есепке алуын, сақтауын және одан әрі пайдалануын реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіде жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Мәжитов Д.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу  
ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

*Ұ л т т ы қ Б а н к*

*Төрағасы*

*К е л і с і л г е н :*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і*

2004 жылғы 30 наурыз

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
"Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкіде  
Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне айналдырылған  
(түскен) шетел валютасымен  
операцияларды жүзеге асыру  
ережесін бекіту туралы"

2004 жылғы 27 ақпандағы

№ 24 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде  
жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) шетел валютасымен  
операцияларды жүзеге асыру ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" 2002 жылғы 26 маусымдағы № 833 қаулысына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

**1-тарау. Негізгі ережелер**

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Ұлттық Банктің жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасымен операциялары - Ұлттық Банк бөлімшелерінің жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасын қабылдауға, есепке алуға, жіберуге, сақтауға, сатуға, айырбастауға, есептеуге және одан әрі пайдалануға байланысты операциялары;

Ұлттық Банктің уәкілетті филиалы - Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы).

2. Осы Ереже Ұлттық Банктің:

- 1) сот актілері негізінде мемлекеттік кірісіне тәркілеу;
- 2) сот актілері негізінде мемлекеттің кірісіне айналдырылған заттай айғақтар;
- 3) белгіленген тәртіппен мемлекет меншігіне өтеусіз өту негіздері бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасын қабылдау, есепке алу, сақтау және одан әрі пайдалану тәртібін айқындайды.

3. Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасын жекелеген негіздер бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған уәкілетті органнан не оның аумақтық бөлімшесінен және коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті органдардан (бұдан әрі - Клиент) қабылдайды.

4. Шетел валютасын қабылдау мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-өткізу актісі, мынадай тиісті құжаттар:

- 1) сот актілерінің көшірмелері;
- 2) мемлекеттің меншіктеу құқығының туындауын куәландыратын өзге құжаттардың көшірмелері қоса беріле отырып Клиенттің өтініш хаты негізінде

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

К л и е н т т і ң      ө т і н і ш      х а т ы н д а :

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің (бұдан әрі - Қазынашылық) шетел валютасын есептеуге арналған деректемелері;

шетел валютасының тозған, күмәнды ақша белгілерін, сондай-ақ бағамын Ұлттық Банк белгілемейтін шетел валютасын (бұдан әрі - айырбасталмайтын валюта) шетелдік банктің немесе агент банктің (бұдан әрі - инкассоны жүзеге асыратын банк) шартымен инкассоға беру туралы келісім;

коммуналдық меншікті басқаруға өкілетті органдардың инкассацияны жіберуге және жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу туралы келісімі

к ө р с е т і л у і

т и і с .

Клиенттің өтініш хатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалының басшысы қарайды және орындау үшін аумақтық филиалдың қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшесіне және аумақтық филиалдың бухгалтерлік қызметіне жіберіледі.

**2-тарау. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған ( түскен) айырбасталатын шетел валютасын қабылдау және одан әрі пайдалану тәртібі**

5. Айырбасталатын шетел валютасын Ұлттық Банктің аумақтық филиалының кассасына тапсыру кезінде Клиент тапсырылатын шетел валютасының тізімдемесін қоса бере отырып, екі бөлімнен: өтініш және талоннан тұратын шетел валютасын салу туралы өтінішті (осы Ереженің 1-қосымшасы) толтырады.  
Т і з і м д е м е д е :

1) тапсырылатын банкноттер мен монеталардың номиналы;

2) тозу дәрежесі бойынша саны және сомасы;

3) тапсырылатын банкноттер мен монеталардың сандармен және жазумен көрсетілген жалпы саны;

4) шығарылымның нөмірі, сериясы, жылы;

5) ақша тапсыратын тұлғаның қолы көрсетіледі.

6. Ұлттық Банктің аумақтық филиалының операция қызметкері (бұдан әрі - операция қызметкері) шетел валютасын салу туралы өтінішті алу кезінде барлық деректемелердің дұрыс толтырылуын тексереді, дұрыс толтырылған жағдайда қол қояды, белгіленген нысанның шетел валютасындағы кассалық кіріс ордерін (бұдан әрі - кассалық кіріс ордері) бес данамен ресімдейді. Бұл ретте шетел валютасын салу туралы өтінішті және валюталық кіріс ордерлерін касса қызметкеріне береді.

7. Ұлттық Банктің аумақтық филиалының касса қызметкері:

1) операция қызметкерінен шетел валютасын салу туралы өтінішті және валюталық кіріс ордерін бес данамен ала отырып, оларда сандармен және

жазумен көрсетілген сомалардың сәйкестілігін тексеруге, құжаттың белгіленген деректемелерінің бар болуын тексеруге және Клиенттен қолма-қол шетел валютасын қабылдауға міндетті;

2) қолма-қол шетел валютасын қабылдау кезінде осы валютаны тапсырушы тұлғаның қатысумен банкноттарды олардың түпнұсқалығын анықтау детекторы арқылы міндетті түрде тексере отырып парақтап қайта санайды және монеталарды даналап қайта санайды;

3) шетел валютасын қабылдау, қайта санау және тексеру аяқталғаннан кейін шетел валютасын салу туралы өтініште және валюталық кіріс ордерінде көрсетілген соманы қайта санау кезінде нақты болған сомамен салыстырады. Сомалар сәйкес келген жағдайда кассир шетел валютасын салу туралы өтінішке, валюталық кіріс ордерлеріне қол қояды, валюталық кіріс ордерінің екінші данасына мөр қояды және оны талонмен бірге Клиентке береді. Клиентке сондай-ақ осы шетел валютасын алып қойған құқық қорғау органына беру үшін валюталық кіріс ордерінің бір данасы беріледі. Өтінішті және валюталық кіріс ордерінің бірінші данасын өзінде қалдырады, валюталық кіріс ордерінің қалған екі данасын тиісті операция қызметкеріне береді (бір данасы операция қызметкерінде қалады, басқасы Қазынашылық үшін). Кіріс құжаттарына түзетулер жасауға жол берілмейді;

4) операция күні аяқталғаннан кейін қабылданған шетел валютасының сомасын кіріс құжаттарының сомасымен, шетел валютасының нақты қалдығымен салыстырады және кіріс кассасы кассирінің қабылданған шетел валютасының сомасы және кіріс құжаттарының саны туралы анықтамасын жасайды. Қорытындыларын шығару аяқталғаннан кейін кіріс кассасының кассирі анықтамада келтірілген кассалық айналымдарды операция қызметкерінің жазбаларымен салыстырады;

5) эмиссиялық-кассалық операцияларды және Ұлттық Банктің бөлімшелерінде құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етуді реттейтін нормативтік құқықтық актіге сәйкес белгіленген нысандағы кітапқа қол қоя отырып операция күні ішінде қабылданған шетел валютасын және кіріс құжаттарын касса меңгерушісіне тапсырады.

8. Жекелеген негіздер бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына түскен шетел валютасы Қазынашылықтың Ұлттық Банктің бухгалтерлік есеп бөлімшесінде ашылған тиісті корреспонденттік шотына есептеледі.

Ақшаны одан әрі мемлекеттік бюджет кірісіне есептеу үшін Қазынашылық Ұлттық Банктің бухгалтерлік есеп бөлімшесіне негізінде Ұлттық Банктің бухгалтерлік есеп бөлімшесі операция жасалған күнгі рыноктық бағам бойынша

шетел валютасының баламасын Қазынашылық көрсеткен шетел валютасындағы шотқа есептейтін шетел валютасын сату жөніндегі өтініш (осы Ереженің 2-қосымшасы) береді.

9. Шетел валютасының тозған ақша белгілерінің және түпнұсқалылығына және төлем жасалатынына күмән тудыратын (бұдан әрі - тозған және күмәнді валюта) анықталған жағдайда шетел валютасы салу туралы өтініш тозған және күмәнді ақша белгілері есепке алынбаған сомаға толтырылады.

**3-тарау. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған ( түскен) тозған, күмәнді және айырбасталмайтын шетел валютасын қабылдау және одан әрі пайдалану тәртібі**

10. Тозған, күмәнді және айырбасталмайтын шетел валютасын Ұлттық Банктің аумақтық филиалының кассасына тапсыру мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-өткізу актісі және Клиенттің тапсырылатын шетел валютасының тізімдемесі екі данамен қоса берілген өтініш хаты негізінде жүзеге асырылады.

11. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен ) тозған, күмәнді және айырбасталмайтын шетел валютасын Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары әрбір ақша белгісі үшін 1 теңге шартты бағамен қ а б ы л д а й д ы .

Қабылданған тозған, күмәнді және айырбасталмайтын шетел валютасының сомасына белгіленген нысандағы меморандумның шоттары бойынша баланстан тыс кіріс ордері (бұдан әрі - баланстан тыс кіріс ордері) үш данамен ресімделеді.

Баланстан тыс кіріс ордерінің бірінші данасы бухгалтерияға беріледі. Баланстан тыс кіріс ордерінің екінші данасы Клиентке беріледі, үшінші данасын кассир сол күн құжаттарына тігеді. Клиентке сондай-ақ тапсырылған шетел валютасының кассир қол қойған тізімдемесінің екінші данасы қайтарылады.

12. Қабылданған тозған, күмәнді және айырбасталмайтын валютаны Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Ұлттық Банктің уәкілетті филиалына жібереді. Бұл ретте тозған, күмәнді және айырбасталмайтын валютаны жөнелту туралы хабар Ұлттық Банктің уәкілетті филиалына және Ұлттық Банктің монетарлық операциялар бөлімшесіне жіберіледі.

Валюталық құндылықтарды жіберу эмиссиялық-кассалық операцияларды және Ұлттық Банктің бөлімшелерінде құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етуді реттейтін нормативтік құқықтық актіге сәйкес жүзеге асырылады.

13. Ұлттық Банктің уәкілетті филиалы және Ұлттық Банктің монетарлық операциялар бөлімшесі тозған, күмәнді және айырбасталмайтын валютаны инкассоны жүзеге асыратын банктермен айырбастау жөніндегі операцияларды ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Шетел валютасын айырбастау үшін инкассоны жүзеге асыратын банкке жөнелту алдында бұрын сақтауға қабылданған тозған, күмәнді және

айырбасталмайтын шетел валютасы біріктіріледі және одан әрі инкассоны жүзеге асыратын банкпен айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін валютаның әрбір түрі бойынша қалыптастырылады.

14. Егер тозған, күмәнды және айырбасталмайтын валютаны инкассоны жүзеге асыратын банкке жөнелту өтем алу үшін экономикалық тұрғыда дұрыс емес болса (жөнелтуге және инкассалық операцияны жүзеге асыруға байланысты шығыстар тозған, күмәнды және айырбасталмайтын валютаның бағалау құнынан асатын болса), онда осы валюта Ұлттық Банктің уәкілетті филиалында сақтауда қалады. Ұлттық Банктің уәкілетті филиалы бұл туралы Ұлттық Банктің өз кезегінде Клиентке хабарлайтын тиісті аумақтық филиалына хабарлайды. Осы валютаны сақтаудың шекті мерзімі 5 жыл, одан кейін шетел валютасының осы ақша белгілерін Ұлттық Банк құраған комиссия Клиент өкілдерінің қатысумен тозған шетел валютасын жою үшін көзделген тәртіппен жояды.

Тозған, күмәнды және айырбасталмайтын валютаны инкассоны жүзеге асыратын банкке жөнелтудің экономикалық тұрғыда дұрыс еместігін Ұлттық Банктің уәкілетті филиалы Ұлттық Банктің монетарлық операциялар бөлімшесімен келісім бойынша айқындайды.

15. Ұлттық Банктің бухгалтерлік есеп бөлімшесінің инкассацияланған шетел валютасы үшін инкассоны жүзеге асыратын банктің өтеуін алған жағдайда инкассоны жүзеге асыратын банктен ақша алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Қазынашылықтың тиісті корреспонденттік шотына соманы есептеу жүргізіледі және сол күні Ұлттық Банктің уәкілетті филиалына жүргізілген айырбастау туралы хабарлама жіберіледі. Одан әрі, Ұлттық Банктің уәкілетті филиалы оны кейін Клиентке беру үшін Ұлттық Банктің тиісті аумақтық филиалына хабарламаның көшірмесін жібереді.

16. Инкассоны жүзеге асыратын банк айырбастауға жатпайтын шетел валютасының ақша белгілерін таныған жағдайда, Ұлттық Банктің уәкілетті органына инкассоны жүзеге асыратын банктің осы факті туралы қорытындысының көшірмесі жіберіледі. Бұл ретте Ұлттық Банктің уәкілетті органы Ұлттық Банктің тиісті аумақтық филиалына Клиентті одан әрі хабардар ету үшін инкассоны жүзеге асыратын банк қорытындысының көшірмесімен бірге ақшаны айырбастаудың мүмкін еместігі туралы хабарды жібереді.

Инкассоны жүзеге асыратын банк қайтарған, төлемге жарамсыз деп танылған шетел валютасының ақша белгілері Ұлттық Банктің уәкілетті филиалында сақталады және осы Ереженің 14-тармағында көзделген тәртіппен жойылады.

Шетел валютасының айырбастауға жатпайтын ақша белгілерін инкассоны жүзеге асыратын банк қайтармаған жағдайда айырбастаудың мүмкін еместігі туралы инкассоны жүзеге асыратын банктің қорытындысы негізінде олардың құны есептен шығарылады.

17. Инкассоны жүзеге асыратын банк шетел валютасының ақша белгілерін қолдан жасалған деп таныған жағдайда Ұлттық Банктің уәкілетті филиалына және тиісті аумақтық филиалына инкассоны жүзеге асыратын банктің қорытындысының көшірмесі жіберіледі. Ұлттық Банктің тиісті аумақтық филиалы аумақтық құқық қорғау органдарына кейін хабарлау үшін инкассоны жүзеге асыратын банк қорытындысының көшірмесімен бірге осы факт туралы хабарлайды.

#### **4-тарау. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған ( түскен) шетел валютасын есепке алу және сақтау тәртібі**

18. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған ( түскен ) шетел валютасын қабылдау, сақтау және одан әрі пайдалануға байланысты операцияларды есепке алу осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған ( түскен ) қолма-қол шетел валютасын Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары арнайы жабдықталған қоймаларда жеке сақтайды, ал олар болмаған жағдайда - аумақтық филиалдың кассалық үй-жайында орналасқан жанбайтын сейфтерде сақталады.

20. Қабылданған құндылықтардың сақталуы үшін құндылықтарды қабылдаған Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары жауапкершілік атқарады. Қабылданған құндылықтарды тексеруді Ұлттық Банк бойынша бұйрықпен құрылған комиссия белгіленген тәртіппен жүргізеді. Кем шығудың белгіленген фактілері туралы ақпарат Ұлттық Банктің басшылығына жіберіледі.

21. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған ( түскен ) шетел валютасын сақтау эмиссиялық-кассалық операцияларды және Ұлттық Банктің бөлімшелерінде құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етуді реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

#### **5-тарау. Қорытынды ережелер**

22. Ұлттық Банктің монетарлық операциялар бөлімшесі жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған ( түскен) шетел валютасымен инкассолық операцияларды жіберуге және жүзеге асыруға байланысты Ұлттық Банктің шығыстарын өтеу жөнінде жұмыстар жүргізеді.

23. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде  
жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне  
айналдырылған ( түскен) шетел валютасымен  
операцияларды жүзеге асыру ережесіне  
1-қосымша



(Ұлттық Банк филиалының атауы)		
Шетел валютасын салу туралы өтініш		Кассаға талон
		Алушының шотынан
		үзінді-көшірге
_____ ж. " _____ "		қосымша ретінде қолданылады
Кімнен _____		
Мекен-жайы _____		
СТН _____	_____ ж. " _____ "	
Валютаның атауы	Шетел вал. номиналы	Теңгемен баламасы
		берілген түбіртектің нөмірі
		алушы шотының нөмірі
		_____
		Теңге _____
		сомасы теңгемен _____
Жиынтығы, теңге _____		Кімнен _____
валюта алу себебі көрсетіледі)		( _____
Салынған соманы _____		Жауапты орындаушының қолы
шот иесінің атауы _____		_____
		Бухгалтер-бақылаушының қолы
_____		_____
Ұлттық Банк филиалының атауы _____		
нөмірі _____	шотына _____	есепке _____
жазуды сұраймыз _____		Түбіртек ретінде _____
Салушының қолы _____		қолданылмайды _____
Бухгалтер-бақылаушы _____		Ұлттық Банк _____
	(қолы) _____	филиалының мөртабаны _____
Валютаны қабылдаған кассир _____		_____
		( қ о л ы ) _____

Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкінде жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне айналған (түскен)

шетел валютасымен операцияларды  
жүзеге асыру ережесіне

2-қосымша

**Шетел валютасын сату туралы**

**Ө т і н і ш**

жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Кәсіпорын атауы: \_\_\_\_\_

Почта адресі: \_\_\_\_\_

Телеграф адресі: \_\_\_\_\_

Мәміле бойынша мәселелерді шешуге уәкілетті қызметкердің аты-жөні: \_\_\_\_\_

Корреспонденттік шот:

Клиенттің валюта шотының нөмірі: \_\_\_\_\_

Операция түрі: \_\_\_\_\_

Клиенттің ұлттық валютадағы шот нөмірінің деректемелері: \_\_\_\_\_

Клиенттің атауы: \_\_\_\_\_

Төмендегідей талаптармен біздің атымыздан шетел валютасын сату жөнінде мәміле жасауды тапсырамыз:

Шетел валютасындағы | \_\_\_\_\_ | рыноктық бағам бойынша теңгедегі  
сату сомасы | сату бағамы | сату сомасы

Мәміле жасалған жағдайда, біздің нөмірімізді \_\_\_\_\_ корреспонденттік шоттан есептен шығаруыңызды тапсырамыз.

Мөр \_\_\_\_\_ Директор \_\_\_\_\_

орны Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкінде жекелеген негіздер бойынша

мемлекет меншігіне айналдырылған

(түскен) шетел валютасымен

операцияларды жүзеге асыру ережесіне

3-қосымша

Ұлттық Банктің жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) шетел валютасын қабылдауына, сақтауына және одан әрі пайдалануына байланысты операциялар кезінде жүргізілетін бухгалтерлік ж а з б а л а р с х е м а с ы .

1. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен), айырбасталатын шетел валютасын қабылдау:

1) Ұлттық Банктің аумақтық филиалы бухгалтериясының жауапты орындаушысы шетел валютасының ақша белгілерін алған кезде, шетел валютасын салу туралы өтініш пен шетел валютасындағы кассалық кіріс ордері негізінде Бас бухгалтерлік кітапта мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады :

аумақтық филиалда :

қабылданған, айырбасталатын шетел валютасының сомасына:

Дт 1 26 10 "Ұлттық Банк бөлімшесінің кассасындағы шетел валютасының банкноттары мен монеталары";

Кт 3 29 00 "Ұлттық Банктің бөлімшесі үшін шетел валютасымен ашылған шот" ;

бухгалтерлік есеп бөлімшесінде:

Дт 1 29 00 "Ұлттық Банк бөлімшесінің шетел валютасындағы шоты";

Кт 3 39 11 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шетел валютасындағы ағымдағы шоты".

2) Бухгалтерлік есеп бөлімшесі Қазынашылықтан шетел валютасын сату туралы өтініш алғаннан кейін, ақшаны осыдан соң мемлекеттік бюджет кірісіне есепке алу үшін, бухгалтерлік есеп бөлімшесі шетел валютасының баламасын операция жасалған күнгі рыноктық бағам бойынша Қазынашылық көрсеткен шотқа есепке жазады және мынадай бухгалтерлік жазбалар жасайды:

шетел валютасының сомасына:

Дт 3 39 11 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шетел валютасындағы ағымдағы шоты";

Кт 3 95 10 "Валюта позициясы";  
теңгедегі балама сомасына:

Дт 1 95 30 "Валюта позициясының теңгедегі қарсы құн шоты";

Кт 2 49 00 "Ұлттық Банк бөлімшесінің теңгедегі шоты";  
төлем жүйесі бөлімшесінде:

Дт 4 49 00 "Ұлттық Банк бөлімшесі үшін ашылған теңге шоты"  
(бухгалтерлік есеп бөлімшесі үшін ашылған шот);

Кт 4 49 00 "Ұлттық Банк бөлімшесі үшін ашылған теңге шоты"  
(төлем жүйесі бөлімшесі үшін ашылған шот);

және бір мезгілде:

Дт 2 49 00 "Ұлттық Банк бөлімшесі үшін ашылған теңге шоты"  
(төлем жүйесі бөлімшесінің шоты)";

Кт 3 51 00 "Бірыңғай қазынашылық шот" (мемлекеттік бюджеттің кіріс шоты) .

2. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) тозған, күмәнді және айырбасталмайтын шетел валютасын қабылдау Ұлттық

Банктің аумақтық филиалы бухгалтериясының жауапты орындаушысы тозған, күмәнды және айырбасталмайтын шетел валютасын алған кезде, мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-өткізу актісінің, өтінім-хаттың, клиенттен алған валюта тізімдемесінің және баланстан тыс кіріс ордерінің негізінде дәл сол күні мынадай бухгалтерлік жазба жасалады:

аумақтық филиалда:

Күмәнды, тозған, және айырбасталмайтын шетел валютасының сомасына:  
Кіріс 9 270 60 "Ұлттық Банктің бөлімшесі қабылдаған әр түрлі құжаттар мен құндылықтар".

3. Тозған, күмәнды және айырбасталмайтын валютаны уәкілетті филиалға жіберу:

1) Тозған, күмәнды және айырбасталмайтын валютаны уәкілетті филиалға жіберген кезде тиісті аумақтық филиалда мынадай бухгалтерлік жазба жасалады:

Шығыс 9 270 60 "Ұлттық Банктің бөлімшесі қабылдаған түрлі құжаттар мен құндылықтар".  
және бір мезгілде:

Кіріс 9 270 61 "Жіберілген және есебіне берілген түрлі құжаттар мен құндылықтар".

2) Уәкілетті филиалда тозған, күмәнды және айырбасталмайтын валютаны алғаннан кейін, келесі операциялық күннен кешіктірмей, номиналы және сомасы көрсетіліп, ақшаны алғаны жөнінде тиісті аумақтық филиалға хабарлама жіберіледі. Мұндайда мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

уәкілетті филиалда:

Кіріс 9 270 60 "Ұлттық Банктің бөлімшесі қабылдаған түрлі құжаттар мен құндылықтар".

Уәкілетті филиалдың тозған, күмәнды және айырбасталмайтын валютаны алғаны жөніндегі хабарламасын алғанда, тиісті аумақтық филиалда келесі операциялық күннен кешіктірмей, мынадай бухгалтерлік жазба жасалады:

Шығыс 9 270 61 "Жіберілген және есебіне берілген түрлі құжаттар мен құндылықтар".

3) тозған, күмәнды және айырбасталмайтын валюта жиналған мөлшеріне қарай, уәкілетті филиалда монетарлық операциялар бөлімшесінің жазбаша нұсқауы негізінде оларды айырбастау үшін инкассация жүргізетін банкке жіберіледі. Мұндайда келесі операциялық күннен кешіктірмей, мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

Шығыс 9 270 60 "Ұлттық Банк бөлімшесі қабылдаған түрлі құжаттар мен құндылықтар".  
және бір мезгілде:

Кіріс 9 270 61 "Жіберілген және есебіне берілген түрлі құжаттар мен құндылықтар".

4) Инкассоны жүзеге асыратын банктен айырбасталған валюталардың өтемін алған кезде, СВИФТ-хабарының негізінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

бухгалтерлік есеп бөлімшесінде:

Дт 1 21 00 "Корреспонденттік шоттар (Ностро)";  
Кт 3 39 11 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шетел валютасындағы ағымдағы шоты".

мемлекеттік бюджеттің кірістеріне есепке жазған кезде:

бухгалтерлік есеп бөлімшесінде:

шетел валютасындағы сомаға:

Дт 1 21 00 "Корреспонденттік шоттар (Ностро)";  
3 39 11 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шетел валютасындағы ағымдағы шоты".

Кт 3 95 10 "Валюта позициясы".

және бір мезгілде, теңгедегі баламасының сомасына:

Дт 1 95 30 "Валюта позициясының теңгедегі қарсы құн шоты";  
Кт 2 49 00 "Ұлттық Банк бөлімшесінің теңге шоты" (бухгалтерлік есеп бөлімшесінің шоты);

төлем жүйесі бөлімшесінде:

Дт 4 49 00 "Ұлттық Банк бөлімшесі үшін ашылған теңге шоты" (бухгалтерлік есеп бөлімшесі үшін ашылған шот);  
Кт 4 49 00 "Ұлттық Банк бөлімшесі үшін ашылған теңге шоты" (төлем жүйесі бөлімшесі үшін ашылған шот);

және бір мезгілде:

Дт 2 49 00 "Ұлттық Банк бөлімшесінің теңге шоты" (төлем жүйесі бөлімшесінің шоты);  
Кт 3 51 00 "Бірыңғай қазынашылық шот".

Сонымен бірге өтемнің алынғаны жөнінде уәкілетті филиалға хабар жіберіледі.

Инкассоны жүзеге асыратын банктен тозған, күмәнды және айырбасталмайтын валютаны төлемге жарамсыз деп таныған шешім алған жағдайда, бұл шешімнің көшірмесі уәкілетті филиалға жіберіледі.

5) Алынған хабардың және/немесе шешім көшірмесінің негізінде Ұлттық Банктің уәкілетті филиалында келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей, мынадай бухгалтерлік жазба жасалады:

Шығыс 9 270 61 "Жіберілген және есебіне берілген түрлі құжаттар мен құндылықтар".

б) Инкассоны жүзеге асыратын банк шетел валютасының төлемге жарамсыз ақша белгілерін уәкілетті филиалға қайтарған жағдайда, уәкілетті филиал мынадай бухгалтерлік жазба жасайды:

Кіріс 9 270 60 "Ұлттық Банктің бөлімшесі қабылдаған түрлі құжаттар мен құндылықтар".

Тозған, күмәнды және айырбасталмайтын валюта төлемге жарамсыз деп танылғанда, уәкілетті филиал клиенттің бұдан кейінгі хабарламасы үшін ақша айырбастау мүмкіндігі жоқ екені жөніндегі инкассоны жүзеге асыратын банктің шешімінің көшірмесін қосып, тиісті аумақтық филиалға хабарлама жібереді.

Төлемге жарамсыз деп танылған шетел валютасының ақша белгілері уәкілетті филиалда сақталады және осы Ереженің 14-тармағында жазылған тәртіппен жойылады.

Жойылған шетел валютасының ақша белгілерін есептен шығарған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жасалады:

уәкілетті филиалда:

Шығыс 9 270 60 "Ұлттық Банктің бөлімшесі қабылдаған түрлі құжаттар мен құндылықтар".